

желідегі сайттарды латынға көшірудің еш техникалық қиындығы жоқ. Түркі әлемін біріктіретін бірден бір жол латын әліпбиі екенін ескерсек, кириллицадан біржола құтылып, түбі бір, тегі бір, тарихы мен мәдениеті тамырлас елдерге жақындауымыз керек.

Әлемнің танымал IT зерттеушісі, академик Ни Гуаннань «Ақпараттық технологиялар ұлт тілінде еркін тыныстамаса, бұл – үлкен кедергі. Жеке адамға емес, тұтас бір ұлттың дамуына кедергісі тиеді!» деген –ді. Қысқасы, IT –индустрияны әлемдік тенденцияларға сай дамытпасақ – ұлт ұпайы түгенделмейтіні анық. Әлем бір кездері «мал баққан, жай жатқан» елді енді басқа жерден іздесін! Президент Н.Назарбаев белгілеген меже бар. Сондықтан, Қазақстан қалай да технократтық мемлекетке айналады. Әзірге есеміз кетіп жатқан бұл бағытта еңсемізді тіктемесек болмайды. Бұл – салмақты стратегия, жүйелі жоспар, байыпты бағдарламаны талап етеді. Өйткені ақпараттық технологиялар майданында «сөзі жоғалған жұрттың – өзі жоғалады»!

Әдебиеттер тізімі

1. <http://www.karaganda-region.kz/kaz/news/2310>

### **Білімдегі инновациялық – коммуникациялық технологиялар**

*Автор: Ерназаров Ергали Тулегенович*

*Ғылыми жетекшісі: Искакова С. Б. информатика және КТ кафедрасының аға оқытушысы*

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты*

Қазіргі таңда қоғамда білім беру жүйесін ақпараттандыру, заман талабына сай етіп беру Қазақстан білім беру мекемелерінің алға қойған басты мәселесі болып отыр.

Ақпараттандыру дамыған елдердің әлеуметтік –экономикалық прогрестің бастаушы тенденциясы ретінде, адамзаттың барлық іс – әрекеттерінің объективті процесі болып табылады, соның ішінде білім жүйесінде.

«Ақпараттық қоғам» түсінігі өткен жүзжылдықтың 80 –ші жылдары пайда болып, микроэлектронды революция әсерінен пайда болған әлеуметтік өзгерістерді сипаттайды. Қоғамдық ақпараттандыру – телекоммуникациялық құралдар мен қазіргі ақпараттық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылатын әртүрлі ақпаратты қолдану, сақтау, алмастыру, жинау қызметті ерекшелігі бар ғаламдық әлеуметтік процесс болып табылады. Ол әртүрлі бағыттарда, соның ішінде компьютерлік сауатсыздықты жою, ақпараттандыру мәдениетін құруда өте көп күшті қажет етеді. Қазіргі қоғамның ақпараттандыру процесінің негізгі бағыттарының бірі керекті шарттар мен жалпы Қазақстандағы маңызды ақпараттандыру кезеңіндегі білімнің ақпараттануы болып табылады.

Білімді ақпараттандыру – бұл білім жүйесінің интенсивті функциялану мақсатында қазіргі ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялардың

қажеттіліктер арқылы ақпаратты беру және білім жүйесіндегі мүшелердің ақпаратты жедел алмастыру, жедел жинауды қамтамасыз етуге, өңдеуге, жүйелеуге, жинауға, сақтауға бағытталған бір –бірімен тығыз байланысты күрделі жүйелер кешені. Ғалымдардың пікірінше қазіргі ақпараттандырудың негізін үш техникалық жетістіктер құрайды.

1). машина оқушы құралдарда ақпараттың жаңа ортасының пайда болуы. (магниттік ленталар, магниттік дискілер, оптикалық компакт – дискілер және т.б.)

2). уақыт пен ара –қашықтыққа қарамастан әлемнің кез –келген жеріне ақпаратты жеткізу, тұрғындардың ауқымды байланыс жүйелермен қамтамасыз етілуі (радио, теледидар, спутниктік байланыстар, факстар, модемдер, телефондық байланыстар, ғаламтөр және т.б.).

3). берілген алгоритмдер бойынша компьютерлік технологиялар көмегімен ақпаратты автоматизациялық өңдеу мүмкіндігі (талдау, классификациялау, керекті пішімге келтіру және т.б.)[1]

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар білім жүйесінде педагогикалық процеске жаңаша қараудан бөлек, ғылыми –методологиялық ақпарат, оның талдауы және жаңаруы үшін қажет ғылыми –әдістемелік аппаратын береді, ал оқуды компьютерлендіру процесі – білім берудің басты факторларының бірі болып табылады. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар білімді тарату әдістеріне өзгеріс енгізіп қана қоймай, білімнің өзіне де өзгеріс енгізеді. Сондықтан да білім берудің маңызы мен педагогикалық процеске өзінің әсерін тигізеді (талдау, жоспарлау, болжам, бақылау, ұйым т.б.).[1]

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, «Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз». Негізгі әдістемелік инновациялар бүгінгі таңда оқытудың интерактивті әдістерін қолданумен байланысты. «Интерактив» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter» – бұл «өзара», «act» – әрекет ету дегенді білдіреді.

Интерактивті сөзі – өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен оқушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады. Интерактивті оқытудың мәні мынада – оқу процесі іс жүзінде барлық оқушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуы тиіс, олардың осыған байланысты не біледі, нені ойлайтынын түсінуге және рефлекстеуге мүмкіндігі болуы тиіс.[2]

Қытай халқының бір нақыл сөзінде: «Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін» делінген. Осы сөздерден интерактивті оқытудың мәні өз көрінісін табады. Интерактивті әдіске сабақ барысында әр түрлі көмекші құралдарды

пайдалана отырып: интерактивті тақта, электронды оқулықтар, бейне материалдар, аудио материалдар, компьютерлер және т.с. таныстырулар жатады. Инновациялық оқытудың бүгінгі таңдағы тағы бір әдісі – электрондық оқулық пайдалану. Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі – пәндік білім, екіншісі – компьютерлік білім. Сабақ барысында электронды оқулықтарды пайдалану оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулықта оқу технологиялары жинақталған. Мысалы: ойын арқылы оқыту, блокты оқыту, тірек – сигналдар арқылы оқыту, т.с.с. Электронды оқулық арқылы оқушы көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Осылайша жас ұрпақты оқытуда инновацияны пайдалану – шығармашылық жетістіктің негізгі көзі.

Электрондық оқулықтар мен компьютерлік оқу –әдістемелік құралдарды өз дәрежесінде қолдануды үйренген оқушылар өзі белсенді жеке жұмыс істей алады. Оқытушының жұмысын жеңілдетіп, оқушыны жалқаулықтан құтқарады. Электрондық оқулық пән оқытушылары үшін бұл күнделікті дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе. Оны сабақта қолдану оқытушының шығармашылықпен жұмыс жасауына, белсенділігін арттыруына мол мүмкіндік береді. Жаңа ақпараттық технологияның басты тиімділігі – бұл мұғалімге оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасауы. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдерден шығармашылығын жаңаша, ғылыми –зерттеу бағытында құруды талап етеді[2].

Қолданылған әдебиеттер:

1. [www.bilimdiler.kz](http://www.bilimdiler.kz)
2. [www.ucoz.kz](http://www.ucoz.kz)

### **Оқытудағы әдістемелік нұсқау**

*Автор: Бекетов Мағжан Қадыржанұлы*

*Ғылыми жетекшісі: Искакова С. Б. информатика және КТ кафедрасының аға оқытушысы*

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты*

Әдістеме – педагогика ғылымының жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін бір саласы.

XX ғасыр басындағы көрнекті әдіскер К.А.Иванов әдістеменің маңызды міндеттері деп сол ғылымды оқу пәні ретінде жақсы жолға қоюға алып баратын оқытудың айқындау, бағалау, бейнелеу тәсілдерін атайды.